

**Жеканаев Нұржан Қуанышұлы**

[nurzhan\\_zhekenaev@mail.ru](mailto:nurzhan_zhekenaev@mail.ru)

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ,

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекші - Ж.Нуркенова

**Кіріспе.** Ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы қазіргі ұлттық ауыл шаруашылығының деңгейіне лайықты өмір сүру сапасын қамтамасыз етпейді. Оны ауыл халқының өмір сүру деңгейінен, елдің азық-түлік қауіпсіздігінің, өзін-өзі дамыту және өзіндік әлеуметтік-экологиялық-экономикалық аумақтық жүйелердің қалыптасуына, мәдени құндылықтардың сақталуына ықпал етуге, және де ауыл шаруашылығына арналған ұзақ мерзімді еңбек және табиғи ресурстармен қамтамасыз етудегі дәрменсіздігінен көруге болады. Ауылдық жерлерді дамытуда мемлекет саясатында түбегейлі өзгерістер қажет.

Расымен, ауыл халқының осындай әлеуметтік мәселелерін айтпағанда, инфрақұрылымдық жағынан да ақсап тұрғанын айтпасақ болмас. Шынымен де, он сегіз миллион халқы бар қазақтың ауылдары да жетерлік. Алдымен, ауылдарды көркейтіп, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту не үшін қажет деген сауалға тереңінен тоқталсақ... Ауылдағы халық күнделікті күйбең тірліктен шаршап, тірлігі шағын елдімекендермен салыстырғанда автоматтандырылған қалаларға қоныстанғысы келеді. Келбетті шаһарларға қоныстанып, қаланың қызу тірлігіне араласып, модернизациялануды көздейді. Адам баласы болған соң, әр пендені жағдай билейтіні рас. Қаржылық тұрақтылығы, сауаты үшін де қалаға ұмтылатын ауылдықтардың қатары өскен. Тіпті, бүгінде ауылға барып қызмет еткісі келетін жастар жоқтың қасы. Бұл риясыз шындық. Жалпы соңғы санақтың нәтижесіне сүйенсек, Қазақстанда тұратын халықтың 20% астамын жастар құрайды. Осы жастарды елміздің стратегиялық ресурсы деп есептейтін болсақ, оларды елдің болашағы ретінде ауылдағы да қаладағы да мемлекетті дамыту салаларына бағыттаған жөн. Ал, енді инфрақұрылымы ақсаған, қарапайым қажеттіліктерге қолы жетпей отырған елдімекендерде қызу қанды, арманы асқақ, жігерлі жастар қол қусырып отырмасы айдан анық. Сонда ауылдарды мекендейтіндер кімдер? Тек белі бүгілген, таяғына сүйенген қариялар, бесіктегі балалар деуге болады. Ал, жаңадан отау құрып, ауылдық жерлерде өмір сүріп жатқан жастар өте аз. Олардың өзі уақыт өте «қала қайдасың» деп қоныс аударып жатады. Меніңше, ауылдардан осылай жастар тұрмақ, қарттардың өзі үдере көше беретін болса, ауыл халқы құрып кете ме деген қауіп бар. Урбанизация да негізі, үлкен мәселе. Сондықтан, ауылдарды дамыту, көркейту, аудан орталықтары сияқты деңгейге жеткізу аса маңызды. Ал, қазіргі шалғайда орналасқан қайбір ауылды қарасаң да ақсап тұрған тұсы жетерлік. Бәрін айт та бірін айт, ауылдың қозғаушы күші, стратегиясы жоғары білім алған жас мамандар. Ал, бүгінде ауылдарды дамыту алға қойылған негізгі мақсаттардың бірі. Мемлекет басшысының жалпы үкіметке қойған мақсаты ауылдарды көтеру болып отыр. Сондықтан, бұл ауыл тақырыбы бүгінде аса өзекті мәселелердің бірі. Осы себепті, ауылдардың инфрақұрылымдарына көңіл аудару аса маңызды. Сондықтан, аймақтық саясатқа аса мән берілуі тиіс. Аймақтық саясат мақсаты – маңызды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты азайту. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру инфрақұрылымды, шаруашылық іс-әрекетті жақсартады, ал бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейін көтереді.

Аймақтық саясаттың негізгі қағидаттары:

- республикалық мүдделерді аймақтық мүдделерден, әлеуеттілердің ағымдағылардан басымдығы;

- территориялық орналасуына байланысты аймақтардың табиғи байлықтарын тиімді қолдану;

- артта қалған аймақтарды іріктеп, олардың экономикасын сол жерде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдерін құрып, шаруашылық жүргізуші субъектілерді ынталандыру арқылы көтеру;

- мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар аймақтарды дамыту басымдығы.

Аймақ пен ауылдың дамуын мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты аймақтардың тұрақты экономикалық өсуіне мүмкіндіктер жасау негізінде бүкіл республика экономикасының өркендеуіне жол ашу болып табылады. Көздеген мақсатқа жету мемлекеттік және аймақтық мүдделердің бірлігін, олардың ұштастырылуын көздейді.

Ауылдарды көтеру үшін осы елдімекендерге қатысты нарықтық қатынастарды да реттеу керек. Жалпы нарықтық қатынастарының дамуы мен қалыптасуы жағдайында радикалды экономикалық реформалардың ғылыми негізделуіне аймақтық экономика маңызды роль атқарады. Аймақтық экономика аймақтардағы өндіргіш күштердің орналасу факторларын және аймақтық дамуды зерттейтін ғылым. Академик Н.Н.Некрасовтың анықтамасы бойынша «экономикалық ғылымның саласы ретінде аймақтық экономика елдің экономикалық жүйесінде және әрбір аймақта өндіргіш күштердің дамуы мен әлеуметтік процестердің қалыптасуын анықтайтын экономикалық әлеуметтік факторлар мен жағдайларын жиынтығын зерттейді». Осы аймақтық экономика өндіргіш күштерді аймақтық дамуының стратегиялық позицияларын өңдейді. Аймақтық өндіргіш күштердің орналасуы аймақтық экономиканың негізгі бөлігі ретінде қарастырылады.

Аймақтық экономика экономикалық географиямен тығыз байланысты, бірақ оған қарағанда қолданбалы практикалық нәтижелерге бағытталған. Аймақтық экономика географиямен жақындығына қарамастан экономиканың құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, экономикалық теория мен макроэкономикалық болжаумен, салалық экономикамен, статистикамен тағы да басқа әлеуметтік-экономикалық ғылымдармен тығыз байланысты. Аймақтық экономика экономикалық мәселелермен бірге экологияны әлеуметтік мәселелерді, демографияны, географияны, этнографияны тағы да басқа ғылымдарды қарастырады. Ауылдардың өзі кішігірім ұғым сияқты болып көрінгенімен, аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму аспектілерін зерттеу Ресейде ХІХ ғасырда, ал Қазақстанда ХХ ғасырдың аяғында ғылыми негізде дами бастады. Батыста аймақтық экономика «аймақтық ғылым» деп анықталады. Сондықтан, ауыл-аймақтың алға басуына жеңіл-желпі қарамай, нақты істер тындыру қажет.

Ауылдардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жақсарту үшін қаланың жоспары сияқты аздаған жоспардан барлық қадам басталуы тиіс. Әсіресе, халқы көбірек, бірақ инфрақұрылымы нашарлау, нысандары әлсіздеу елдімекендерге баса назар аударған жөн деп ойлаймын. Осы айтылғандарды бірнеше мысалдармен толығырақ түсіндіріп өтсем. Мысалы, ауылда 4000 тұрғын болса, оның 20%-і оқушы болса, бұл бір елдімекенде 800 оқушы бар деген сөз. Егер бір мектепке 150 бала сиятын болса, ол ауылға 1 мектеп емес, кем дегенде 5-6 білім ошағы қажет деген сөз. Ал, бір мектепті салудың өзіне миллиондаған қаражат қажет. Сонда ой жүгіртіп қарайтын болсақ, сырт көзге шағын ауыл болып көрінгенімен, инфрақұрылымына қыруар қаражат қажет екені белгілі. Халық санына байланысты орта есеппен бір ауылға қанша мектеп қажет оны сызбамен жобалап көрсететімін.

1-кесте. Халық саны әртүрлі ауылдарға қажетті жобалы түрдегі мектеп саны

Ауылдағы адам саны	Оның %-і оқушы	Қажетті мектеп саны
1000	20 % -200	1-2
2000	25%-500	3-4
3000	30%-900	5-6
5000	40%-2000	10-нан астам
Ескерту - кесте автормен құрылған		

Кестеде біз жобалап шағын ауылдардан бастап, дамып келе жатқан, яғни тұрғыны көбейіп келе жатқан елді мекендердің жағдайын көрсеттік.

Мәселен, 7000 тұрғыны бар ауылдың кем дегенде 40 проценті оқушылар, балалар болары жобалап алсақ та заңды. Ал, осынша оқушы, яғни санмен есептегенде 2800 оқушы жайлы, қысылмай, мектепте сыйысып оқуы үшін кем дегенде 10 білім ошағы қажет. Өйткені, заң бойынша, елімізде қалыптасқан қағида бойынша бір сыныпта 25 оқушыдан аспауы керек. Егер ауылдың өзінде қазақ, орыс тіліндегі сыныптар болатынын ескерсек бір мектепте кем дегенде 150-200 оқушы болады деп есептедік. Әрине, бұл көрсеткіштер өте шағын, орташа және ауқымды ауылдар үшін әртүрлі. Біздің бағытымыз жалпы ауыл әл-ахуалын жақсарту, ауқатын көтеру және ауылдық жерлерді модернизациялау міндеті. Ал, мектептерден өзге қажеттіліктерді осы сандар бойынша есептейтін болсақ, қанша аурухана қажет деген сауалға тоқтала кетейік. Өйткені, ауыл адамдары да қаладағыдай ауруханалармен қамтылуы тиіс. Ауылдықтар да қаладағыдай ем қабылдауы керек. Осыны ескере келе, ауылдықтар үшін де күндізгі стационар, тіпті қажет болған жағдайда жатып емделуіне қолайлы жағдай керек екені белгілі.

## 2-кесте. Ауылдарға қажетті аурухана саны көрсетілген

Ауылдағы адам саны	Аурухана сыйымдылығы 50 адам (орта есеппен)	Қажетті аурухана саны
1000	100 адам ауырса	2
2000	250 адамауырса	5
5000	400	8
3000	300	6
7000	400	8
Ескерту - кесте автормен құрылған		

Бұл кестеде де сырқаттанып қалуы мүмкін ауылдықтардың санын жобалап көрсеттік. Десе де, қазіргі таңда ауылдардың кейбіреуі халқы көбейіп дамып келе жатыр, былайша айтқанда аудан орталықтарына сәйкестеніп барады. Ал, кейбір ауылдар адамдары қалаға көшіп, құру алдында. Неге? Себебі, қарапайым интернет жетпеген ауылдар қаншама?! Бұл жағдайда, осындай шарттарда өмір сүру қиын болғандықтан, ауылдықтар урбанизация процесін де қарқындатуға атсалысып жатыр.

Осы мақалада атап көрсеткенімдей, әр ауылдың қолайлы шарттарда өмір сүруі үшін толыққанды мектеп, аурухана, жөнделген жолдар, қолжетімді ауызсу, су, тіпті көгілдір отын жеткілікті болуы қажет. Ауыл халқының мәдени-танымдық өмірін айтпағанда, мұражайлар, кітапханалар, кинотеатрлар, мәдениет үйі, спорталаңдары мен ескерткіштерді санамағанда, әлеуметтік, экономикалық қажеттіліктердің өзі бүгінде қолжетімсіз. Оның қатарына әдеттегідей, жол, су, ауыз су демегенде қарапайым интернеттің жоқтығы, болса да әлсіз желінің жанға бататыны тағы бар. Оның үстіне, бүгінгі пандемия жағдайында осындай қиындықтармен бірге ауылдықтар ауыр жағдайда қалғанын ескеру керек. Себебі, ауылдардағы ауруханаларда заманауи медициналық құрал-жабдық атымен жоқтың қасы. Тіпті, кейбір мектептер азынаған суық, жағдайы толыққанды жасалмағаны рас. Сондықтан, бұдан шығатын қорытындыны былай деп түйіндейін.

**Қорытынды.** Қала, аудан тұрмақ, ауылдардың жоспарын, жылдық әлеуметтік-экономикалық жоспарын жасау мен басқарудың өзіндік тетіктері бар. Аймақтық мәселелерді шешуге кіріспес бұрын оған қанша қаржы құйылатынын нақты есептеу аса маңызды. Ауылдардың модернизациясы аса маңызды, өйткені, қаланы өзі ауылдан бастау алмай ма?! Сондықтан, мемлекеттің дамуында аймақтар мен олардың билік органдарының ролін арттыру әлемдік тенденцияға жатады. Ауылдан бастап көркейту бүтін мемлекеттің мүддесіне айналуы керек. Өйткені, әр мемлекет халқымен, елімен, рухымен мықты. Расында, да мақалада тек бір

ауылды ғана дамытуға қыруар қаржы қажет екенін көрдік. Расында, ауылдың экономикалық қуатын арттыра отырып, жалпы жұрттың өмір сүру деңгейін көтеріп, тоқшылыққа жеткізу жағын да ұмытпаған жөн. Өйткені, әлеуметтік маңызы бар нысандар көптеп ашыла беретін болса, әрбір ауылдық жаспын, кәрімін демей екі қолға бір күрек табары анық. Әрі ауылдықтар қалаға үдере көшіп ақша, жұмыс іздемейді. Әрі ауыл дамыған сайын әр қазақстандықтың көзі ашылып, дамуға құлшынысы артады. Жұмыс орындары көбейген сайын ұрлық та, қылмыс та, отбасылық жанжалдар да азайып, халық қалыпты өмірге көшеді. Негізінде, білім берген ошағы кіл мықтылардан тұрса, мықты жандар да осы ауылдардан шығатыны белгілі. Сондықтан, ауыл-алтын бесік, әрі ауылдар Отанымыздың бастауы болғандықтан, оның жай-күйі әрқайсымызды алаңдатуы орынды. Елдімекендердің әлеуметтік-экономикалық ахуалын мемлекеттік тұрғыда реттеудің пәрмені күшейте түссек, соншалықты іргелі ел боламыз деген көп азаматтың пікіріне саяды деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан басты бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 27 қаңтар 2012 ж.
2. Бюжеева Б.З. Аймақтануға кіріспе/ Алматы: Қазақ университеті.2008.
3. Смағұлова, Г.С. Аймақтық экономиканы басқару мәселелері/ оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2005.
4. Ихданов Ж.О., Орманбеков Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері/ оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2002.
5. Региональная экономика/ Под ред. Т.Г. Морозовой.- Москва. 1993г.
6. Исаева М.Г., Нурланова Н.К. Методы и практика оценки уровня устойчивости развития регионов Казхстана/ Министерство образования и науки РК. 2009.
7. Населения районов и городов областного значения по итогам переписи населения 2009. / <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

УДК 332.142.2

## **ПРОБЛЕМЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Жұбан Мейрамбек Талғатұлы**

[zhuban972000@mail.ru](mailto:zhuban972000@mail.ru)

Студент 3 курса специальности «Экономика»  
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан  
Научный руководитель – Д.Сейтхожина

В настоящий момент во всех сферах деятельности происходят серьезные процессы экономического преобразования. В связи с этим совершенствование технологий, внедрение инноваций, новых услуг и товаров, используемых в практической деятельности, является одной из важнейших задач развития государства.

Активными участниками инновационного развития являются регионы. Как справедливо отметили А. Скотт и М. Сторпер, «города и регионы ... являются важнейшими основами процесса развития в целом» [1]. Существенные компоненты теории региональных исследований в области научно-технического развития связаны со многими специальными разделами экономической и социальной теории.

Пространственное неравенство возникает как объективный эффект концентрации конкурентных преимуществ у одних территорий и отсутствия этих преимуществ у других. Это показывает, что слаборазвитые и ограниченные в ресурсах регионы неизбежно становятся препятствием для инновационного развития и модернизации страны.